



Автор: Шалкарбаева Гулжайнар Кайруллина
Пән: Математика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Диаграмма
Тақырып: Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор

Оқу мақсаты	5.3.1.2 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру; 5.3.1.3 циркульдің көмегімен шеңберді салу; 5.3.1.6 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру;
-------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал «Ішкі және сыртқы шеңбер» Оқушылар қарама - қарсы тұрып «Бұрыштардың түрлері», «Көпбұрыштар», «Градустық өлшемдері» бойынша сұрақ қояды. Сыртқы шеңберде тұрған оқушы жылжып жаңа жұп құрады. Жаңа сабаққа кіріспе: Оқушыларға бұрыш салғызып, салған бұрышының қабырғасын сызғышпен өлшетіп, сол аралықты циркульмен белгілетіп айналдыра сызғызып шыққан фигура қандай фигура екенін айту арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықталады. Оқушыларды топтастыру мақсатында геометриялық фигуралар арқылы доп, шар, дөңгелек арқылы 3 топқа бөлемін. I топ- шеңбер, II топ – доп, III топ - дөңгелек 3 топқа «Жүк журналы» әдісін қолданамын. Болжам кестесіне оқушылардан «Шеңбер» жайлы не білетінін бүгінгі сабақта шеңбер туралы не үйренгілері келетінін толтыртамын. Уақыт 5 минут беремін. Осы арқылы бүгінгі сабақтың мақсатын айқындаймын. Жүк журналы Болжам Жаңа ақпарат Тақырып бойынша бұрыннан не білемін. Бұл туралы не білуім керек? Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым	Парақтар, түрлі түсті қағаздар, циркуль, сызғыш